

Тобы	Ортаңғы «Еркетай» тобы -перспективалық жоспар									
Оқу жылы мен айы	Наурыз // 2021-2022									
Білім салалары (оқу қызметінің түрі) және апта жүктемесі	Денсаулық	3	Қатынас	2	Таным	2,5	Шығармашылық	3	Әлеумет	0,5
	Дене шынықтыру	3	Сөйлеуді дамыту	1	Математика негіздері	1	Сурет салу	1	Қоршаған ортамен танысу	0,5
			Көркем әдебиет	0,5	Құрастыру	0,5	Мүсіндеу	0,25		
			Орыс тілі	0,5	Жаратылыстану	1	Жапсыру	0,25		
							Музыка	1,5		
			Вариативті компонент Ертегі әлемінде	1						
Көктем жаршысы-құстар (1-апта)										
Мақсаты: балалардың көктем мезгілі, күннің жылынып, құстардың келуі туралы білімдерін толықтыру; аналар мерекесіне деген қызығушылықтар, қуаныш сезімін таныту іскерліктерін дамыту.										
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Қарлығаштай қайратты" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; еңкіс тақтайдың үстімен тізе мен саусақтарға сүйене отырып, төрт тағандап өрмелеуге үйрету; бір орында тұрып, арқаннан	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: "Қарлығаш туралы тақпақ жаттау" Мақсаты: балаларды жыл құсы қарлығаш туралы көркем сөзбен таныстыру, қарлығаштың тіршілігі жөнінде мағлұматтар беру; құстардың мезгіл өзгерістеріне тәуелді екені туралы ұғымдар қалыптастыру.	Математика негіздері Тақырыбы: "Көктемгі сыйлықтар" Мақсаты: балалардың геометриялық пішіндер жөніндегі білімін тиянақтау, "саны қанша, сонша", "бірдей", "саны тең" ұғымдарын түсінуін пысықтау; көктем мезгіліндегі құстардың тіршілігі жөніндегі түсінігінің аясын кеңейту, аналар мерекесіне сыйлық дайындау әдебімен таныстыру. Құрастыру Тақырыбы: "Банттик таққан балапан" Мақсаты: балаларды қағаз жолағын көлденең бойымен тең бөліктерге бүктемелеу амалдарына үйрету, жасалған гофра жинағын көлденең жіңішке жолақ арқылы жапсырып	Сурет салу Тақырыбы: "Көктем сыйлаған көйлек" Мақсаты: балаларды мерекелік көйлек сұлбасының ортасында және төменгі жағындағы жолақты қарапайым ою элементтерімен безендіруге үйрету; жасыл боршамен гүл сабақтарын салып, саусақпен жақпа қалтырып, бүршіктерді салу тәртібін машықтау; балаларға көктемнің алғашқы күндеріндегі аналар мерекесі туралы ұғымдарды	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: "Торғай" Мақсаты: балалардың торғай туралы түсініктерін қалыптастыра отырып, оның өмір сүру тіршілігімен таныстыру; торғайдың белгілері мен ерекшеліктері (сыртқы бейнесі, тамақтануы, түсі, көлемі және қыстайтын құсы), түрлері жайлы түсінік беру; көктемнің жаршысы					

	биікке секіріп, жерге табанмен түсуге жаттықтыру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын қалыптастыру. Дене шынықтыру Тақырыбы: "Қайратты боламыз" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін дамыту; еңкіс тақтайдың үстімен тізе мен саусақтарға сүйене отырып, төрт тағандап өрмелеу іскерліктерін жетілдіру; бір орында тұрып, арқаннан биікке секіріп, жерге табанмен түсуге жаттықтыру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын дамыту. Дене шынықтыру Тақырыбы: "Биік секіреміз" Мақсаты: балаларды сапта бірінің		бөлуге машықтандыру; жұмыс нәтижесін қуанышпен қабылдауға шақыру; көктем мезгілі, жыл құстары жөнінде түсініктерді қалыптастыру. Жаратылыстану Тақырыбы: "Көктеммен бірге құс келді" Мақсаты: балалардың құстар туралы түсініктерін қалыптастыра отырып, олардың мінез-құлқында көктем мезгілінде байқалатын өзгерістермен таныстыру; жыл құстарының белгілері мен ерекшеліктерін ажыратып, атай білуге үйрету; көктем жаршысы – құстар туралы білімдерін кеңейту.	қалыптастыру. Жасыл борша мен қызыл гуашь бояуының қолдану ретін игерту; ою элементтерінің өзара алмасып, белгілі бір үйлесімділікті сақтағанын байқауға үйрету. Музыка Тақырыбы: "Аялайық, аналарды бәріміз!" Мақсаты: балаларды ана туралы әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; дыбысты есту және әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; музыкалық сүйемелдеусіз "ре" – "ля" бірінші октавасының диапазонында ән салуға үйрету. Музыка Тақырыбы: "Анашым, анажаным" Мақсаты: балаларды ана туралы әннің сипатын ажырата білу және дыбысты есту қабілетін қалыптастыру; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу	құстар туралы білімдерін кеңейту.
--	--	--	---	---	--

	артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; еңкіс тақтайдың үстімен тізе мен саусақтарға сүйене отырып, төрт тағандап өрмелеу іскерліктерін пысықтау.			қабілетін дамыту; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын дамыту.	
Вариативті компонент	-	Вариативті компонент Қатынас Ертегі әлемінде Тақырыбы: «Көз көруге тоймайды, құлақ естуге тоймайды» Мақсаты: Ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып, сахналау. Кейіпкерлер атрибуттары арқылы – іс - әрекеттерін, әсерлі – көңіл күйлерін білдіре отырып сезіндіріп көрсету. Рөлдердің дұрыс орындалуын қадағалау. Қиялдарын, эстетикалық талғамдарын, техникалық дағдыларын қалыптастыру. Кейіпкерлердің жан дүниесін түсіне білуге, оны ашып көрсете білуге тәрбиелеу.	-		-
Жылғалардан су ақты (2-апта)					
	Мақсаты: Балаларды жылғалардан сулардың аққанын байқап, ерекше сезімдерге бөленуге баулу.				
Оқу қызметінің	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Таза	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: "Көктем келді	Математика негіздері Тақырыбы: "Көктем тамшылары"	Сурет салу Тақырыбы: "Тамшылар"	-

түрі, тақырыбы, мақсаты.	бұлақ" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру; 4-6 м қашықтыққа тура бағытта еңбектеуге үйрету; алға жылжи отырып, екі аяқпен секіруге жаттықтыру; отырған күйінде алшақ аяқтың арасынан допты домалатып, орнынан тұрып қуып жетуге жаттықтыру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын қалыптастыру. Дене шынықтыру Тақырыбы: "Көктемгі жылғалар" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін дамыту; 4-6 м қашықтыққа тура бағытта	суретімен танысу" Мақсаты: балаларды "Көктем келді" суретімен таныстыру, сурет мазмұнын баяндау тәртібіне үйрету, көктем туралы білімдерін пысықтау. Балалардың суретте көрген көктем құбылыстарын сөз тіркестері мен жай сөйлемдер арқылы баяндай білу білігін жетілдіру; байналыстыра сөйлеу мәдениетін қалыптастыру; ой-өрісін, зейінді, қабылдау қабілеттерін дамыту. Балалардың табиғат құбылыстарына деген қызығушылығын, зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: "Ақшақар" Мақсаты: балаларды "Ақшақар" ертегісінің мазмұнымен таныстыра отырып, мәтін бойынша кейіпкерлер сөзіне зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету; ертегі кейіпкерлерінің мінездері мен ерекшеліктерін бақылай білуге дағдыландыру; көктемгі ерекшеліктер туралы білімдерін кеңейту. Орыс тілі Тақырыбы: "Весна-красна". Время года-весна Мақсаты: учить понимать русскую речь, составлять простые сочетания слов на тему «Весна», проговаривать	Мақсаты: балалардың дыбыс саны туралы түсінігін қалыптастыру, "саны қанша, сонша", "бірдей", "саны тең", "саны біреу", "саны көп" ұғымдарын түсінуін пысықтау, көктем мезгіліне тән құбылыстар жөніндегі түсініктерін тиянақтау. Балаларды бірыңғай ырғақтағы дыбыстардың санын заттардың санына сәйкестендіруге үйрету; дыбыстардың саны қанша болса, сонша затты қатарға салу (қою), сәйкестендіру нәтижесін атап айту амалдарын игерту; қолдың ұсақ моторикасын, түйсікпен, құлақпен және көзбен қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту. Балалардың көктемгі табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын дамыту, әсемдікке, әуен әлеміне қатысты байқампаз болуға тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: "Судың қасиеті" Мақсаты: балалардың судың қасиеттері туралы түсініктерін кеңейте отырып, судың көктемде пайда болуына байланысты ерекшеліктері және өзгерістерімен таныстыру; табиғаттың көктемдегі белгілері мен сұлулығын ажыратып, атай білуге үйрету; жылғалар туралы білімдерін кеңейту.	Мақсаты: балаларды көлденең сызықтың "шатырдың" бойымен солдан оңға қарай, кезекпен, үстіден төмен қарай көкшіл тамшылар тізбектерін салуға жаттықтыру; шатырдан ағып жатқан тамшылар бейнесін салуға үйрету; көктем келгенде қардың еріп кететін қасиеті туралы және су тигенде бояудың да еритіні туралы ұғымдар қалыптастыру. Қылқаламды көкшіл бояуға малып, үстіден төменге қарай, үзік, қысқа штрихтарды салу техникасын жетілдіру. Музыка Тақырыбы: "Көктем келді, алақай!" Мақсаты: балаларды ана мен көктем туралы әндермен таныстыра отырып, музыкаға деген қызығушылығын арттыру; музыкалық шығармалардағы төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыкалық жетекшіге ілесе ән айту қабілетін қалыптастыру; музыкалық сүйемелдеусіз "ре – ля" бірінші октавасының диапазонында ән салуға	
---------------------------------	--	--	--	--	--

	еңбектеу іскерліктерін жетілдіру; алға жылжи отырып, екі аяқпен секіруге жаттықтыру; отырған күйінде алшақ аяқтың арасынан допты домалатып, орнынан тұрып қуып жетуге жаттықтыру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын дамыту. Дене шынықтыру Тақырыбы: "Таза бұлақтай таза болайық!" Мақсаты: 4-6 м қашықтыққа тура бағытта еңбектеу іскерліктерін пысықтау; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын дамыту. Балаларды жолдастық қарым-қатынасқа және адамгершілік ережелеріне, ептілік пен жылдамдыққа, ерік сапаларына тәрбиелеу; оқу қызметінде қызығушылықтары мен	предложения по образцу, учить выражать отношение к времени года с помощью повтора и проговаривания небольших четверостиший о таких природных явлениях, как капель. Развивать умение проговаривать песни о весне, развивать речь; развивать слуховое восприятие речи в целом по теме «Весна», развивать слуховую память, зрительное восприятие, мышление, умение проявлять положительные эмоции. Развивать наблюдательность, чувство прекрасного, интерес к художественному слову.		үйрету; ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; тыныс алу жаттығуларын орындау кезінде дұрыс тыныс алу дағдысына үйрету; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға үйрету; музыкалық аспапта (қасықпен) ойнау қабілетін қалыптастыру; көктемгі ерекшеліктер туралы ұғым беру. Мүсіндеу Тақырыбы: "Қонжық" Мақсаты: балаға сазбалшықтың тұтас бір бөлігін алақан арасында айналдыра илеп, домалақ пішінге айналдыруды игерту; құстарға жем шашуды көрсете отырып, ойындарға қатысуға талпындыру. Қолдың ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдауды, ақыл-ой мен зейінді дамыту. Құстарға қамқорлық жасауға қызығушылық ояту, ойындарға еркін араласу қабілетін дамыту.	
--	---	--	--	--	--

	белсенділіктерін көтеру.				
Вариативті компонент	-	<i>Вариативті компонент</i> <i>Қатынас</i> <i>Ертегі әлемінде</i> Тақырыбы: «Жеті лақ және қасқыр» ертегісі. Мақсаты: «Қасқыр мен жеті лақ ертегісінің үзіндісіне тоқтала отырып бүлдіршіндердің қызығушылығын ояту. Сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту, есте сақтау, дүние танымын кеңейту. Ертегінің мазмұнын еске түсіре отырып, тілдік қорларын байыту, ой өрістерін дамыту. Сұрақ -жауап арқылы ертегіні терең түсіндіру. Мимиканың дидактикалық ойын арқылы эмоциялы шығарылауын дамыту. Көңіл – күйлерін көтеріп, аяушылық сезімге, қамқоршы болуға тәрбиелеу..	-	-	
Салт-дәстүрлер және фольклор (3-апта)					
Мақсаты: Еліміздің мейрамдары мен салт-дәстүрлерімен таныстырып, құрметтеуге, қастерлеуге баулу.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Наурыз келді, алақай!" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: "Дастарқанды жаямыз дидактикалық ойыны" Мақсаты: балаларды Наурыз мейрамына қатысты қонақты күту рәсімімен таныстыру, ыдыстардың атауларын қайталау; «сиқырлы» сөздер мен әдептіліктің қарапайым	Математика негіздері Тақырыбы: "Қонжықтар Наурызға дайындалуда" Мақсаты: балалардың "саны көп", "саны аз", "саны бірдей", "саны тең" ұғымдарын қалыптастыру, заттардың жуандығы жөніндегі білімдерін, жұпты заттарды тұтастыру және беттестіру тәсілі жөніндегі	Сурет салу Тақырыбы: "Ыдыс-аяқ" Мақсаты: балаларды ортасы төмен түскен доғалы сызықты сызып, үстіңгі екі шетін көлденең түзу сызық арқылы қосуға жаттықтыру, жасалған жарты дөңгелектің бір	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: "Киіз үй" Мақсаты: балаларды киіз үйдің құрылысымен таныстыра отырып, оның бөліктері

	өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру; шеңбер бойымен қолдарынан ұстап жүгіруге үйрету; 4-6 м қашықтыққа тура бағытта еңбектеуге үйрету; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру; шеңбер бойымен қолдарынан ұстап жүгіруге үйрету. Дене шынықтыру Тақырыбы: "Наурыз құтты болсын!" Мақсаты: 4-6 м қашықтыққа тура бағытта еңбектеуге жаттықтыру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын дамыту. Балаларды мәдени қарым-қатынасқа және ізгілік ережелеріне, ептілік пен жылдамдыққа, ерік сапаларына тәрбиелеу; оқу	ережелері жөнінде мағлұмат беру. Балалардың әдептілікті білдіретін сөздерді белсенді қолдану білігін жетілдіру, ақыл-ойын, есту, есте сақтау қабілеттерін, жағымды эмоцияларын дамыту. Наурыз мейрамын қуанышпен қабылдауға, достыққа, әдептілікке тәрбиелеу.	түсініктерін тиянақтау; Наурыз мейрамына қатысты әдептілік ережелерін пысықтау. Балалардың екі тең немесе тең емес заттар тобын саны бойынша салыстыруға және теңдестіруде жаттықтыру; заттар сандарының өзара тең, аз немесе көп, жуандығы айрықша және бірдей заттарды салыстыру нәтижесін тұтастыру, беттестіру арқылы, салыстырудағы өзгерістерді сөзбен сүйемелдеп отыруға үйрету. Құрастыру Тақырыбы: "Үй салайық" Мақсаты: балаларға кірпіштерді еден қалпында жатқан екі қос білеудің үш жағы бойына тігінен қойып, қабырғаларды қалап, үстінен екі призмамен, шатырмен жауып, үй құрастыруға үйрету; құрастыру барысын, құрылыс материалдарының қалпын үнемі түзеп отыруға бейімдеу; өз іс-әрекетін қолайлы белгілі сөздер мен фразалар арқылы сүйемелдеуге дағдыландыру; Наурыз мейрамы жөнінде түсініктерді қалау. Жаратылыстану Тақырыбы: "Наурыз гүлдері" Мақсаты: балалардың наурыз гүлдері туралы түсініктерін кеңейту; көктемде алғаш пайда болатын наурыз гүлдерінің ерекшеліктерімен таныстыру; наурыз айындағы көктемгі табиғаттың белгілерін ажыратып, атай білуге үйрету; наурыз айындағы салт-дәстүрлер мен фольклор туралы білім беру. Балалардың наурыз гүлдерін бақылай отырып, олардың қар астынан пайда	жағына, немесе екі жағына тағы да тіке жатқан доғаларды қосып, ыдыс-аяқтар үлгісін салуға үйрету; салынып шыққан ыдыс-аяқ сұлбасын қарапайым ою түрлерімен толықтыру амалдарымен таныстыру; ыдыс-аяқтар туралы білімдерін кеңейту. Музыка Тақырыбы: "Наурыз көктем" Мақсаты: балалардың бесік жыры әнін тыңдай отырып, оның сипатын түсіне білу қабілетін арттыру; наурыз көктем туралы әнді үйретуде дыбысты есту қабілетін жетілдіру; бидің элементтерін есте сақтай отырып, музыка әуенімен бірге орындай білу дағдысын жетілдіру; топта өлең айта білуге үйрету; ойындардың ережесін сақтап ойнауға үйрету. Музыка Тақырыбы: "Наурыз мейрамы" Мақсаты: балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу және айта білу қабілетін дамыту; дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын	жөніндегі мәліметтерді зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету; киіз үйдің қасиеті мен ерекшеліктерін жатқа білуге дағдыландыру; салт-дәстүрлер және фольклор туралы білімдерін кеңейту. Киіз үйдің атаулары арқылы балалардың зейіні мен тілін, есте сақтау қабілеті мен ойлауын дамыту; киіз үйге қызығушылығын қалыптастыру.
--	--	--	---	---	--

	қызметінде тазалық дағдылары мен қызығушылықтарын арттыру. Дене шынықтыру Тақырыбы: "Наурыз мерекесі келді" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру; шеңбер бойымен қолдарынан ұстап жүгіру іскеліктерін жетілдіру; оқу қызметін пысықтау.		болатын ерекше белгілерін қабылдау барысында қарапайым тәжірибе және зерттеу дағдыларын, қызығушылықтарын, ойлауы мен тілін дамыту.	қалыптастыру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысына жаттықтыру; аспаптар дыбыстарын ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру; топта өлең айта білуге үйрету.	
Вариативті компонент	-	Вариативті компонент Қатынас Ертегі әлемінде Тақырыбы: «Лақтарым менің, айналайын, лақтарым менің!» Мақсаты:Ертегіні қайталай отырып, кейіпкерлерін таңдау, Ойын арқылы рөлдерге бөлу, кейіпкерлердің сөздерін дұрыс айтуға үйрету және тілдерін дамыту. Мәнерлі сөйлесу дағдыларын жетілдіру, шығармашылыққа жете көңіл бөліп, баланың жеке-дара ерекшелігіне назар аудару, сөз өнеріне, шешендікке баулу. Кейіпкерлер және олардың әрекеті жөнінде өзінің	-		-

		көзқарасын айта білуге үйрету.			
Өнер көзі – халықта (4-апта)					
Мақсаты: Балаларды шығармашылыққа, өнерге баулу.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Айгөлек, би билейміз дөңгелеп!" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін жетілдіру; жіптен жанымен аттап секіруге үйрету; еңкіс тақтайдың үстімен төрт тағандап тізе мен саусаққа сүйеніп өрмелеуді үйрету; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру;	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: "Тәй-тәй басып келеміз ойыны" Мақсаты: балаларға «тұсау кесу» дәстүрі жөнінде мәліметтерді беру, ұлттық ойындармен таныстыру; Наурыз мейрамы туралы білімдерді қалыптастыру. Балалардың ойындарда топтастар ортасында өз орнын тауып, әлеуметтік қарым-қатынастарға еркін түсуге үйрету, тілін, есту, есте сақтау қабілетін, танымдық қызығушылықтарын дамыту. Қазақ салт-дәстүрлеріне деген қызығушылықтар қалыптастыру, сөздік қатынастарды белсенділікке, достыққа тәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: "Қаз-қаз, бөпем!" Мақсаты: балаларды "Қаз-қаз, бөпем!" өлеңімен таныстыра отырып, бар ықыластарымен түсініп, тыңдауға үйрету; өлеңнің бастапқы шумақтарын үйде өз еріктерімен жаттап алуға дағдыландыру; шығарманың	Математика негіздері Тақырыбы: "Асықтарды санайық" Мақсаты: балалардың "саны көп", "саны аз", "саны бірдей", "саны тең" ұғымдары туралы түсінігін қалыптастыруды жалғастыру; жұп заттарды тұстастыру және беттестіру тәсілі жөніндегі түсінігін тиянақтау; қазақтың ұлттық ойындары жөнінде түсінік қалыптастыру. Балалардың біртектес заттарды түс жұптарына жинап, орналасу орнына қарай топтастырып, саны бойынша салыстыру және теңдестіру іскерлігін қалыптастыру; саны өзара тең, аз немесе көп заттарды салыстыру нәтижесін тұстастыру, беттестіру арқылы тексеру, салыстырудағы өзгерістерді сөзбен сүйемелдеу дағдыларын жетілдіру. Жаратылыстану Тақырыбы: "Төрт түлік" Мақсаты: балаларды төрт түліктің тіршілік ету ерекшеліктерімен таныстыру; қолда өсірілетін төрт түлік түрлері мен үй жануарларына күтім жасау, олардың пайдасы туралы түсініктерін кеңейту; төрт түлікті бір-бірінен ажыратуға, дұрыс атауға үйрету; төрт түлікті бағып-қағу да білім мен білікті қажет	Сурет салу Тақырыбы: "Бас орамал оюлары" Мақсаты: баланы шаршы пішінінің бұрыштарын, ортасын мақта таяқшасын қолданып оюлармен безендіруге үйрету; бас орамал кескінінің бұрыштары мен ортасын дөңгелеген шиыршықтармен, шеттерін толқын жолақтармен толтыру амалдарымен таныстыру; қазақтың ою элементтері бұлақ және ирек су жөнінде ұғымдарды қалыптастыру. Мақта таяқшасын бояуға малып, шиыршықтарды, толқынды жолақтарды салу техникасын жетілдіру; ою элементін шаршы бұрышында, шетінде, ортасында орналастыру, қағаз бетін бағдарлау қабілетін жетілдіру; зейінді, ой-қиялды дамыту. Музыка	-

	жіптен жанымен аттап секіруге үйрету. Дене шынықтыру Тақырыбы: "Өнерлі балалармыз" Мақсаты: балаларды жіптен жанымен аттап секіру іскерліктерін жетілдіру; еңкіс тақтайдың үстімен төрт тағандап тізе мен саусаққа сүйеніп өрмелеу іскерліктерін дамыта отырып, саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын пысықтау. Балаларды адамгершілік қарым-қатынасқа және ізгілік ережелеріне, ептілік пен жылдамдыққа, ерік сапаларына тәрбиелеу; қимыл жаттығуларын жасауға деген қызығушылықтарын арттыру. Дене шынықтыру Тақырыбы: "Аттап секіреміз" Мақсаты: балаларды жіптен жанымен аттап секіру	халықтың әдет-ғұрпындағы алатын маңызы туралы түсінік беру; өнер мен салт-дәстүрдің тығыз байланысы жөнінде мағлұмат беру. Орыс тілі Тақырыбы: "Это моя семья". Члены семьи Мақсаты: учить слушать и понимать русскую речь, касающуюся темы «Семья», проговаривать все слова, обозначающие членов семьи, а также их уменьшительно-ласкательные формы, называть предметы пользования, учить подбирать сочетания слов, состоящих из имени существительного и глагола, согласовывая окончания. Развивать умение воспринимать русскую речь на слух, опираясь на картинки, часто повторяемые слова. Развивать монологическую речь, умение включаться в диалог, мышление, память, умение проявлять положительные эмоции. Воспитывать теплые чувства к семье и близким, уважение к старшим.	ететінін түсіндіру. Балалардың төрт түлік малдың ерекше белгілерін қабылдау барысында қарапайым тәжірибе және зерттеу дағдылары, қызығушылықтарын, ойлауы мен тілін дамыту. Төрт түлік мал туралы түсініктерін қалыптастыру.	Тақырыбы: "Киелі домбыра" Мақсаты: балаларды қазақтың халық аспабы домбыраның дауысын қабылдай білуге және домбыраның дыбысын ажырата білуге үйрету; домбырамен орындалатын музыканың сипатын ұғыну және әуезін ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру; хорда сөздер мен дыбыстарды таза және анық, домбыра сүйемелдеуімен өлең айту дағдыларын жетілдіру; ойындардың ережесін сақтап ойнауға үйрету. Жапсыру Тақырыбы: "Еркежан әжейдің әдемі орамалы" Мақсаты: балаларды шаршының (Еркежан әжейдің орамалы) ортасына, бұрыштарына қазақ ою-өрнектерін жапсыруға үйрету; сәндік жапсыру жөнінде ұғымдар қалыптастыру. Желімді пішінге жағып, артығын майлық арқылы сүртіп отыру арқылы қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру; ою элементтерін ортаға, бұрыштарға орналастырып, жапсырып, шаршы қағаз	
--	--	---	---	--	--

	іскерліктерін жетілдіру; еңкіс тақтайдың үстімен төрт тағандап тізе мен саусаққа сүйеніп өрмелеу іскерліктерін дамыта отырып, саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын пысықтау.			пішінінде бағдарлауға үйрету.	
Вариативті компонент	-	Вариативті компонент Қатынас Ертегі әлемінде Тақырыбы: Алақай, алақай! Анамыз келді, бізге сүт әкелді! Мақсаты: Ертегіге деген қызығушылығын арттыру. Ертегіні қайталай отырып, таңдалған балаларға кейіпкерлер сөздерін айтып үйрету. Балалардың танымдық қабілеттерін дамыту. Оқылған шығарма желісін бұзбай әңгімелеуге үйрету. Баланы ойлауға, қорытынды жасауға, қиялдауға, сұлулықты тануға баулу. Сөздерді дұрыс, анық, ашық айтатынын қадағалау, қимыл – қозғалыстарын көрсете білуін дамыту	-	-	